



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына*2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 360-ДЗ хатқа***Құрметті депутаттар!**

Жүргізіліп жатқан гендерлік саясатқа қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

*Әкімдердің қызметін бағалайтын рейтингке топ-менеджменттегі әйелдердің үлесін айқындайтын көрсеткішті енгізуге қатысты*

2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат туралы тұжырымдамада (бұдан әрі – *Тұжырымдама*) атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларындағы әйелдердің шешімдер қабылдау деңгейіндегі үлесіне қатысты нысаналы индикатор айқындалған (2023 жылға қарай – 25 %, 2027 жылға қарай – 27 %, 2030 жылға қарай – 30 %).

Тұжырымдаманың іс-қимыл жоспарына сәйкес 2022 жылы көрсеткішке қол жеткізу үшін жоспарлау және бюджеттеу құжаттарына гендерлік талдау жүргізілді, «Гендерлік қажеттіліктер мен талаптар картасы: этностың, аймақтың және таптың әсері» жобасы іске асырылды, 7 индикатор бойынша ақпарат жүйеге келтірілді (табысқа, басқаруға, білім беруге, денсаулық сақтауға, цифрлық қызметтерге, зорлық-зомбылықтан қорғауға қол жеткізу).

Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – *Ұлттық комиссия*) қолдауымен әйелдердің елдің қоғамдық-саяси өміріндегі рөлін арттыру жөніндегі әлеуметтік жобаларды іске асыруда (2021 жылы – 174,4 млн теңгеге 135 жоба, 2022 жылы – 293,7 млн теңгеге 101 жоба, өсу – 68,4%).

Өз кезегінде, Ұлттық экономика министрлігі 2019 жылдан бастап акционерлік қоғамдардың даму жоспарларына енгізілген индикаторларға<sup>1</sup>, атап айтқанда, әйелдердің топ-менеджменттегі үлесін айқындайтын көрсеткішке қол жеткізу мониторингін жүргізіп келеді. Осы мақсаттарда Корпоративтік басқарудың

<sup>1</sup> «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығы

үлгілік кодексіне<sup>2</sup>, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексіне<sup>3</sup> өзгерістер енгізілді.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (*бұдан әрі – СЖЖРА*) мемлекеттік статистика жүйесіндегі гендерлік көрсеткіштерді кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстандағы «БҰҰ-Әйелдер» құрылымымен және СЖЖРА-мен бірлесіп, гендерлік индикаторлар мен көрсеткіштерді орталық және жергілікті атқарушы органдардың даму жоспарларына енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. 2023 жылдың соңына дейін Қазақстанның гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы ЭЫДҰ стандарттарына қол жеткізуіне талдау жүргізіліп, Жол картасы әзірленетін болады.

*Әйелдердің саяси көшбасшылығын дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге қатысты*

Қазіргі уақытта «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заң жүзеге асырылуда. Әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымдарын қолдауды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордағы басшылық қызметтегі әйелдер санын 30 %-ға дейін арттыру және т.б. баса назар аударылуда.

Ел басқару қызметтерінде Премьер-Министрдің орынбасары – әйел, 19 министрлікте 3 әйел азамат - Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет және ақпарат министрі, 9 вице-министр, 3 аппарат басшысы қызметінде. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін 14 мемлекеттік органда 9 әйел басшы лауазымында.

*Анықтама: 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі 55,4 %-ды құрайды (83963-тің 46546-сы): оның ішінде саяси – 8,1 % (726-ның 59-ы), «А» әкімшілік корпусы – 9,8 % (92-нің 9-ы), «Б» корпусы – 55,9 % (83145-тің 46478-і). Әйел судьялар мен басшылардың үлесі 39,2 %-ды (23649-дың 9261-і) құрайды, прокуратура органдарында 1104 прокурор (22%) жұмыс істейді, оның 79-ы басшылар.*

Сайлауалды партиялық тізімдердегі, сондай-ақ депутаттық мандаттарды бөлу кезінде әйелдер, жастар және мүгедектігі бар тұлғалар үшін заңнамалық деңгейде 30 % квота енгізілді. Бүгінде Парламентте 29 әйел бар, бұл депутаттардың жалпы санының 19,6 %-ын құрайды.

Тұтастай алғанда, елімізде әйелдердің көшбасшылық әлеуетін арттыру және экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту бағытында мақсатты жұмыстар жүргізілуде, осыған байланысты бұл жұмыс қолданыстағы тетіктер мен жобалар аясында жүйелі түрде жалғасатын болады.

**Ә. Смайылов**

*Орынд.Имақова Ж.Д. тел750037*

<sup>2</sup> «Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 63 бұйрығы;

<sup>3</sup> «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 751 қаулысы